

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 13-бабын, 175-бабы 3-бөлігінің "в" тармағын, 178-бабы 3-бөлігінің "в" тармағын, 179-бабы 3-бөлігінің "г" тармағын және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 19-бабы 3-бөлігін конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынысы туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2003 жылғы 26 маусымдағы N 9 қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқасының төрайымы Р.Н.Юрченконың,

Республика Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың,

Республиканың Әділет вице-министрі С.М.Бекбосыновтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, он сегіз жасқа толғанға дейін жасалған қылмыстар үшін соттылықты ескеру бөлігінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 175-бабы 3-бөлігінің "в" тармағын, 178-бабы 3-бөлігінің "в" тармағын, 179-бабы 3-бөлігінің "г" тармағын, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 13-бабын және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 19-бабы 3-бөлігін конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынысын қарады.

Қолдағы бар конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Қ.Ж.Балтабаевты, өтініш субъектісі өкілінің және отырысқа қатысушылардың сөздерін тыңдап шығып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны **анықтады**:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2003 жылғы 3 маусымда Республика Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адамдардың жауаптылығын көздейтін 175-бабы 3-бөлігінің "в" тармағын, 178-бабы 3-бөлігінің "в" тармағын және 179-бабы 3-бөлігінің "г" тармағын, он сегіз жасқа толмаған адамның жасаған қылмысы үшін соттылығын ескеру бөлігінде, Конституцияның 1, 12, 14, 27, 77-баптарына сәйкес емес деп тану жөніндегі ұсынысы к е л і п т ү с т і .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 21-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сай Жоғарғы Сот, ҚК-тің 13-бабының және Қазақстан

Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - ҚІЖК) 19-бабы 3-бөлігінің Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес еместігі туралы мәселемен толықтыра отырып, өтініштің көлемін ұ л ғ а й т қ а н .

Жоғарғы Сотта жатқан, Лениногор қалалық сотының үкімімен ҚК-тің 175-бабы 3-бөлігінің "в" тармағымен, 178-бабы 3-бөлігінің "в" тармағымен, 179-бабы 3-бөлігінің "г" тармағымен, 255-бабы 4-бөлігінің "в" тармағымен, 259-бабы 1-бөлігімен, 251-бабы 4-бөлігімен сотталған, В.С.Зиневичтің қылмыстық ісі Конституциялық Кеңеске өтініш б е р у г е с е б е п б о л ғ а н .

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқасы, сотталғанның шағымы бойынша істі қарап шығып, өзінің 2003 жылғы 5 ақпандағы қаулысымен, В.С.Зиневичтің іс-әрекетін ҚК-тің 175-бабы 3-бөлігінің "в" тармағынан, 178-бабы 3-бөлігінің "в" тармағынан, 179-бабы 3-бөлігінің "г" тармағынан, 255-бабы 4-бөлігінің "в" тармағынан тиісінше 175-бабы 2-бөлігінің "а", "б", "в" тармақтарына, 178-бабы 2-бөлігінің "б", "в" тармақтарына, 179-бабы 2-бөлігінің "а", "б", "в", "г" тармақтарына, 255-бабы 3-бөлігінің "б", "г" тармақтарына қайта саралай отырып, оған қ а т ы с т ы ү к і м д і өз г е р т к е н .

Бұл орайда Жоғарғы Соттың алқасы өз қаулысында, соңыра өтініште көрсетілген, мынадай уәж келтіреді:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 2) тармағына орай бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық жауапқа тартуға болмайды, демек, қылмысты ауырырақ қылмыстық заң бойынша саралауға әкеп соқтыратын, қатаңдау жаза көздейтін "ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам" деген саралау белгісін тағу Конституцияның бұл аталған ережесіне қайшы келеді және заң мен сот алдындағы теңдік негізінде сот төрелігінің іске асырылуы туралы қылмыстық процестің принципін б ұ з а д ы ;

2) ҚК-тің 13-бабы 4-бөлігіне сәйкес он сегіз жасқа толмаған адамның жасаған қылмысы үшін соттылығы қылмыстың қайталануын тану кезінде ескерілмейді. Демек, осы соттылықтар құрайтын арнайы қайталану белгісі бойынша қылмысты саралау кезінде де олар ескерілмеуге тиіс.

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының бұл ұйғарымына Бас Прокурордың наразылығы келтіріліп, онда ҚК-тің 13-бабы 4-бөлігі және "Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қылмыстық және қоғамға қарсы өзге де әрекеттерге тарту туралы істер бойынша сот практикасы туралы" Жоғарғы Соттың пленарлық отырысының 2002 жылғы 11 сәуірдегі N 6 нормативтік қаулысының 22-тармағы негізінде, он сегіз жасқа толғанға дейін жасалған қылмыс үшін соттылық, қылмыстың қайталануын тану кезінде ғана ескерілмейтініне, ал қылмысты саралау және түзеу колониясының режимін айқындау кезінде ол ескерілуге тиіс екендігіне назар

а у д а р ы л а д ы .

Қазақстан Республикасы Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің өтініште көрсетілген нормаларының конституциялылығын тексерген кезде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны ескерді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1, 12, 14, 27-баптары Республиканың конституциялық құрылысының негіздері мен принциптерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі принципін, Республикадағы неке-отбасылық қатынастардың негізін баянды е т е д і .

Республика Конституциясының бұл нормалары қазір қолданылып жүрген қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасына негіз етіп алынып, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктерін ескере отырып, кодекстердің тиісті тарауларында оның шарттары мен ресімдерін белгілейді.

Сол арқылы, Конституциялық Кеңестің пікірінше, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының өтінішінде аталған, "ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін екі немесе одан да көп рет сотталған адам" деген саралау белгісіне жататын мәселелер Республиканың қазір қолданылып жүрген қылмыстық заңнамасында өзінің дәйекті ш е ш і м і н т а п қ а н .

Мәселен, ҚК-тің Жалпы бөлімінде, қылмыстың көптігі деген жалпы түсінікпен қамтылатын және ҚК-тің Ерекше бөлімінің барлық баптарына қатысты, қылмыстың бірнеше мәрте жасалуына, қылмыстардың жиынтығына және қылмыстың қ а й т а л а н у ы н а т ү с і н і к б е р і л е д і .

ҚК-тің ұрлық және қорқытып алушылық үшін жауаптылықты көздейтін баптарында аталған "ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам" деген саралау белгісі, қылмыстың арнайы қайталануының бір түрі болып табылады. Адам бұрын жасаған қылмысы үшін сотталғанға барабар не (заңда көрсетілген реттерде) сол тектес қылмыс жасаған кезде қылмыстың қайталануы арнайы деп саналады. Сондықтан ҚР ҚК-інің 13-бабы 4-бөлігінің ережелері Ерекше бөлімнің баптарындағы "ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам" деген саралау белгісін қараған кезде қолданылуға тиіс.

Одан тыс, бұл саралау белгісін қолдана отырып, ҚК-тің 53, 54 және 59-баптарының жауаптылықты саралау принципін белгілейтін нормаларын есте ұстаған жөн. Бұл, заң шығарушының кейбір мән-жайларды әуелден қылмыстың құрамындағы саралау немесе жеңілдету белгісі ретінде атап көрсететінін және солар үшін ҚК-тің Ерекше бөлімі баптарының санкцияларында тиісті жаза белгілейтінін білдіреді. Қандай да бір мән-жай ауырлататын немесе жеңілдететін мән-жай ретінде көрсетілмеген жағдайда, сот оны жаза белгілеген кезде ҚК-тің 53 және 54-баптары негізінде қылмыстық жауаптылықты ауырлататын немесе жеңілдететін мән-жай ретінде ескереді. Бұл жағдайларда жазалау шарасы ҚК-тің 59-бабы 2-бөлігінің ережелері бойынша белгіленеді.

ҚК-тің 59-бабы бірінші бөлігінде, сот қылмыстың қайталануы жағдайында жаза тағайындағанда міндетті түрде ескеруге тиіс мән-жайлардың тізбесі беріледі. Оған мыналар жатқызылған: бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты және қоғамдық қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзеушілік ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жай, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі. Заңның аталған талаптары, соттың жасалған қылмыс туралы және айыптының жеке басы туралы барлық мәліметтерді ескере отырып, жазаны сараландыруына мүмкіндік береді ("Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 59-бабының конституциялылығын тексеру туралы" Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 5/2 қаулысы).

ҚК-тің 175, 177, 178, 179, 181-баптарындағы "ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам" деген саралау белгісі қылмыстың арнайы қайталануы дегеннің дәл өзі, және оған ҚК-тің 13-бабы 4-бөлігінің, он сегіз жасқа толмаған адамның жасаған қылмысы үшін соттылығы, сондай-ақ алынып тасталған немесе жойылған соттылығы қылмыстың қайталануын тану кезінде ескерілмейді, деген ережесі толығымен қолданылады.

Осылайша, Конституциялық Кеңестің пікірінше, ҚК-тің 175-бабы 3-бөлігінің "в" тармағы, 178-бабы 3-бөлігінің "в" тармағы, 179-бабы 3-бөлігінің "г" тармағы нормаларының ережелері, он сегіз жасқа толғанға дейін жасалған қылмыстар үшін соттылықты ескеру бөлігінде, Қазақстан Республикасы Конституциясы 1, 12, 14, 27-баптарының нормаларына тікелей қатысты емес, және өтініште қойылған мәселелерді шешкен кезде ҚК-тің нормаларын басшылыққа алған жөн.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 1-бабы 2) тармақшасына сәйкес, Конституциялық Кеңес Республика Конституциясы мен осы Жарлықты басшылыққа ала отырып, соттардың немесе басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын барлық жағдайларда өзге мәселелерді анықтау мен зерттеуге бармай-ақ өз өкілеттігін жүзеге асырады. Осыны ескере отырып, Конституциялық Кеңес, Жоғарғы Соттың "ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам" деген саралау белгісін он сегіз жасқа толғанға дейін жасаған қылмысы үшін соттылығы бар адамдарға қатысты қолданбау туралы уәжін қарай алмайды. Жоғарғы Соттың өтінішінде атап көрсетілген, судьялардың Қылмыстық кодекс нормаларын қолдану практикасындағы даулы мәселелерді, Қазақстан Республикасы Конституциясының 81-бабына сәйкес, Жоғарғы Сот заңнамамен белгіленген тәртіппен шешуге тиіс.

2. Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында "бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды", - деп атап көрсетілген.

Бұл конституциялық ережені қазір қолданылып жүрген қылмыстық заңнама қылмыстық жауаптылықты саралау кезінде ескереді. Жоғарыда атап көрсетілгеніндей, заң шығарушы қылмыстың нақты құрамы туралы нормада ескерген мән-жайлар, жаза тағайындау кезінде назарға алынбайды. ҚК-тің 54-бабы 2-бөлігінде, егер ауырлататын мән-жай ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті бабында қылмыс белгісі ретінде көрсетілген болса, ол жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қайталап ескерілмеуі керек, делінген.

Баяндалғаннан келіп шығатыны, ҚК-тің 13-бабы және 175, 178, 179-баптарының "ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін екі немесе одан да көп рет сотталған адам" деген саралау белгісі, бұл көрсетілген белгі ескерілген кезде субъект жаңадан жасаған қылмысы үшін жауаптылық арқалайтын болғандықтан, Республика Конституциясының аталған нормаларына қайшы келмейді. Айқындалып алынған бұл белгі жаңадан пайдакүнемдік қылмыс жасап отырған адамның тұрақты түрдегі қауіптілігін, сондықтан да ауырырақ қылмыстық жазалауға жататынын білдіреді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы 1-тармағында бекітілген, заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі туралы конституциялық норма ҚК-тің 14-бабы 2-бөлігінің ережелерінде өз көрінісін табады. Онда, қылмыс жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан заң алдында бірдей, деп атап көрсетіледі.

Конституциялық Кеңестің, Республика Конституциясының 14-бабы 1-тармағы бойынша бұрын қабылданған қаулыларынан келіп шығатыны, заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі, адамның құқықтары мен міндеттерінің теңдігін, осы құқықтарды мемлекеттің тең қорғайтынын және адамдардың заң алдындағы тең жауапкершілігін білдіреді ("Қазақстан Республикасы Конституциясы 14-бабының 1 және 2-тармақтарын, 24-бабының 2-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасын ресми түсіндіру туралы" Кеңестің 1999 жылғы 10 наурыздағы N 2/2 қаулысы). Заң алдында тең болу адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға мүмкіндік беретін нақтылы шарттар мен жағдаяттардың нақ осы заңдарда анықталатынын білдіреді ("Қазақстан Республикасы Конституциясы 13-бабының 2-тармағына, 14-бабының 1-тармағына, 76-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 7/2 қаулысы).

Қылмыстық жауаптылықты белгілеу кезіндегі заң алдындағы теңдік дегеніміз, қылмыс субъектілері бірдей әрекеті үшін, жеңілдететін де, ауырлататын да мән-жайларды ескере отырып, тең қылмыстық жауаптылық арқалауы тиіс екенін білдіреді. Қылмыстың құрамы қылмыстық құқықтағы формалді теңдікті қамтамасыз етудің құралы болып табылады, ол қарапайым сараланған және жеңілдетілген

м ә н - ж а й л ы

б о л у ы

м ү м к і н .

Қылмыстық құқықта, жасалған әрекетті, не болмаса қылмыс пен айыптының бет-бейнесін бір уақытта сипаттайтын мән-жайлар, яғни әрекет арқылы білінген мән-жайлар ғана саралау белгісі ретінде танылады. Адамға тән пайдакүнемдік жаңадан жасалған әрекет арқылы әкелінеді, мұндай пікірді қылмыстың қайталануы, соның ішінде арнайы қайталануы түсінігіне негізінен қолданса болады.

Осылайша, Конституциялық Кеңестің пікірінше, ҚК-тің қаралып отырған баптарында көрсетілген "ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам" деген саралау белгісі, Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы 1-тармағының және Конституциялық Кеңестің осы мәселе бойынша бұрын қабылданған қаулыларының мазмұнына қайшы келмейді.

3. Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес "адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады".

Бұл конституциялық норма ҚІЖК-тің 19-бабы 3-бөлігінде әрі қарай дамытылған, оған сай "айыпталушының кінәлілігіне сейілмеген күдік оның пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану кезінде пайда болған күмәндер де айыпталушының пайдасына шешілуге тиіс".

Көрініп тұрғанындай, аталған конституциялық норма мен қылмыстық іс жүргізу заңының нормасы арасындағы айырмашылық мынаған келіп саяды:

- заңда "кез келген" емес, "сейілмеген" күдік туралы сөз болады;
- заңға "қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану кезінде пайда болған күмәндер де айыпталушының пайдасына шешілуге тиіс", - деген ереже қ о с ы м ш а е н г і з і л г е н .

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасының кез келген күдік айыпталушының пайдасына түсіндірілетіндігі туралы нормасы, тиісті орган осы мақсатта заңмен көзделген барлық шараларды қабылдағаннан кейін сейілте алмаған күмәнге ғана қатысты болады. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде сейілмеген немесе сейілмейтін болып шыққан күмәндер ғана айыпталушының пайдасына түсіндірілуге тиіс. Осылайша, ҚІЖК-інде сейілмеген күдік туралы сөз болу фактісі, Конституция ережелеріне сәйкес б о л м а у ғ а ә к е п с о қ п а й д ы .

ҚІЖК-інің "қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану кезінде пайда болған күмәндер де айыпталушының пайдасына шешілуге тиіс" деген нормасы да, сондай-ақ Конституцияға сәйкес келеді. Бұл, қылмыстық іс жүргізу заңын, атап айтқанда, дауланып отырған норманы да әзірлеу кезінде заң шығарушы, Конституция адамның құқықтары мен бостандықтарын тек заңмен және ерекше жағдайларда ғана шектеу мүмкіндігін белгілейтінін ескеруіне байланысты.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 2-тармағын, 78-бабын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан

Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 30-бабы 1-тармағының 3) тармақшасын, 33, 37, 38 және 41-баптарын басшылыққа алып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, он сегіз жасқа толғанға дейін жасалған қылмыстар үшін соттылықты ескеру бөлігінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 13-бабын, 175-бабы 3-бөлігінің "в" тармағын, 178-бабы 3-бөлігінің "в" тармағын, 179-бабы 3-бөлігінің "г" тармағын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп тану жөніндегі ұсынысы бойынша конституциялық іс жүргізу, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құзырына жататын құқық қолдану практикасы мәселелері Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне ведомстволық қарасты болмағандықтан, тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 175-бабы 3-бөлігінің "в" тармағы, 176-бабы 3-бөлігінің "в" тармағы, 177-бабы 3-бөлігінің "в" тармағы, 178-бабы 3-бөлігінің "в" тармағы, 179-бабы 3-бөлігінің "г" тармағы, 181-бабы 3-бөлігінің "г" тармағы, "ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін екі немесе одан да көп рет сотталған адам" деген саралау белгісі бөлігінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы 1-тармағына және 77-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 19-бабы 3-бөлігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

5. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К о н с т и т у ц и я л ы қ К е ã е с і н і ã

Төрағасы